ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІ

010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 қабылдау бөлімі
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОМИТЕТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА

010000, город Астана, Проспект Победы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 приёмная
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

18.06.2019г. № КВГА-13

«КазПроектЭкспертиза» ЖШС-і директоры
С.М. Ахметова

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит Комитеті Сіздің 28.05.2019 жылғы № 44631 арызыңыздың негізінде ашық конкурс тәсілімен өткізілген № 3185104-4 «Алматы облысы Текелі қаласының Теміржол, Лермонтова, Чехова, Шаталова, О.Кошевой, Жастар көшелерінің күрделі жөндеу» жобасына ведомстводан тыс кешенді сараптау жүргізу бойынша жұмыстар» мемлекеттік сатып алулары бойынша камералдық бақылауы жүргізіліп, Сіздің арызда көрсетілген уәждер жартылай расталды.

Камералдық бақылау барысында Сіздің өтінішіңізде көрсетілген жұмыс тәжірибесі үшін шартты жеңілдіктерді қате қолдануға қатысты уәждеріңіз өз растауын тапты.

Конкурстың қорытынды хаттамаларының шешімдерін Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру Қағидалар талаптарына сәйкестендіру үшін хабарлама жолданады.

Негізсіз қойылған талаптар туралы Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 47-бабының 1 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушілердің конкурстық құжаттама жобасына осы Заңның 22-бабында айқындалған тәртіппен ескертулер берілмеген үшін конкурстық құжаттаманың талаптарына, оның ішінде оларда көрсетілген біліктілік талаптарына жасаған шағым қаралуға жатпайтынын хабарлайды.

Камералдық бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 19-тармағының екінші абзацына сәйкес жүргізілді.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (*бұдан әрі – Заң*) 47-бабының 6-тармағына сәйкес қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабында көзделген жоғары тұрған лауазымды тұлғаға немесе субъектіге шағым жасауға құқығыңыздың бар екендігі туралы хабарланады.

Заңның 47-бабының 9-тармағына сәйкес дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Төрағаның орынбасары /подписано/ Ш. Шайназарова

Орын. Бөкейханов Ә.
Тел. 71-78-73